Келісемін»
Балабақша әдіскері
Н.К. Еспенбет

«Бекітемін»
«Алақай» балабақшасының
меңгерушісі
Н.К.Байсултанова

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы:
«Алақай» балабақшасы
«Құлыншақ» орта тобы
Жоспардың құрылу кезеңі:
1-апта. 02.03 – 06.03.2026 жыл
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы.

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 02.03.2026 ж | Сейсенбі 03.03.2026 ж | Сәрсенбі 04.03.2026 ж | Бейсенбі 05.03.2026ж | Жұма 06.03.2026 ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br>**Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру**<br>Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.<br>Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.<br>Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.<br>Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз. | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | **«Таза су – таза өмір!»**Балаларға судың ластануы мен тазалануын көрсету.Екі мөлдір шыны ыдыс Лас су (балшық немесе боялған су)Фильтр (мақта, дәке, құм немесе сүзгіш қағаз) Бірінші ыдысқа таза су құйып, балаларға көрсету.Екінші ыдысқа лас суды құйып, оның қандай екенін түсіндіру.Лас суды сүзгіден өткізу (мақта немесе құм арқылы).Сүзілген судың біршама тазарғанын балаларға көрсету. **Экологиялық тәрбие** | «Асықтан басып шығу» ойыны Белгілі бір сызықтан асықтарды дәлдеп атумен құлату. Барлық асықтарды басып шығу арқылы жеңіске жету Әр ойыншы кезекпен сақасын атып, асықтарды басып құлатуға тырысады. Егер сақа асықтарды дәл басып құлатса, құлатылған асық ойыншының меншігіне өтеді. Қайта ату:Ойыншы сақамен кезекті ату құқығын сақа асықтарды басып құлатқан жағдайда ғана алады. Егер сақа асыққа тимесе, кезек келесі ойыншыға беріледі. Ойын соңында ең көп асық жинаған ойыншы жеңімпаз атанады.**Бір тұтас тәрбие** | **«Қайсысы үлкен, қайсысы кіші?»**Балалардың заттардың өлшемдерін ажырату дағдысын қалыптастыру.Әртүрлі көлемдегі ойыншықтар (үлкен және кіші доптар, машиналар, қуыршақтар)Балаларға үлкен және кіші заттарды көрсетіп, олардың айырмашылығын сұрау.«Үлкен допты көрсет!» немесе «Кішкентай машинаны тауып ал!» деп тапсырма беру. **Математика негіздері** | **«Жоғалған зат»**Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.4-5 ойыншық немесе зат (мысалы: қоян, доп, кубик, кітап) Балаларға барлық ойыншықтарды көрсетіп, есте сақтауды сұрайды.Біреуін жасырып, «Қай ойыншық жоғалды?» деп сұрайды. Балалар жоғалған затты табуға тырысады. **Танымдық дағдылар** | **Қауіпсіз тамақтану ережелері**Ыстық тағамдарды абайлап жеу Тамақтануға арналмаған заттарды ауызға салмау.Тым үлкен немесе қатты тағамдарды дұрыс шайнап жеу. «Тамақтану әдебі» (қауіпсіз тамақтану дағдылары)**Қауіпсіздік ережелері** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. **Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аудару орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Қолды жоғары көтеріп шапалақтау (6–8 рет).<br>Қолды алға созып, бастапқы қалыпқа келу (6 рет).<br>Саусақпен жаттығу: саусақтарды ашу-жұму, кезекпен бүгу (8–10 рет).<br>Аяқты артқа қою, бастапқы қалыпқа келу (6–8 рет).<br>Аяқ ұшына көтерілу (6 рет). | **Музыка**<br>**Музыка тыңдау**<br>Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға,музыканың сипатын түсінуге,музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.<br>**Ән айту**<br>Аспаптың сүйемелдеуіне,ересек тердің дауысына ілесе отырып,олармен | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Қолдарын алдына және басынан жоғары көтеріп, артына апарып шапалақтау (6–8 рет).<br>Қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарды жоғары карату (6 рет).<br>Қолды кезекпен көтеру-түсіру (8 рет).<br>Саусақтарды қозғалту, жұму және ашу (8–10 рет).<br>Допты бір-біріне басынан жоғары беру | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Қолды алға созып, алақанды жоғары карату (6–8 рет).<br>Қолды жанға созу (6 рет).<br>Қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру (6–8 рет).<br>Саусақ жаттығулары: саусақтарды ашу-жұму, кезекпен бүгу (8–10 рет).<br>Допты артқа беру (5–6 рет).<br>Аяқты жан-жаққа қою, | **Қазақ тілі**<br>**Тілдік дамытушы орта**<br>**Ойын 1: «Анамды таныстыр»**<br>Балалар аналарының есімін толық атап, «Менің анам – Айгүл Серікқызы» деп таныстырады.<br>**Ойын 2: «Жылы сөздер шеңбері»**<br>Балалар шеңберде тұрып, бір-бірінің анасын толық атымен атап, жақсы тілек айтады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Негізгі қимылдар**<br>«Жыланша» жүгіру (кедергілер арасымен ирелеңдеп жүгіру).<br>Допты жоғары лақтыру және қағып алу (4–5 рет).<br>Допты жерге соғып, қайта қағып алу.<br>**Қимылды ойын**<br>«Допты түсірме». Балалар допты бір-біріне беріп, жерге түсірмеуге тырысады. Ойын барысында ептілікке, зейінге және үйлесімді қимыл жасауға үйретіледі.<br>**Спорттық жаттығу**<br>Оңға және солға бұрылып велосипед тебу. Тепе-теңдікті сақтау, қауіпсіздік ережесін сақтау дағдылары бекітіледі.<br>**Гигиена**<br>Қолды сабынмен дұрыс жуу реттілігі қайталанады: қолды сулау, сабындау, алақан мен саусақ арасын ысқылау, шаю, құрғату. | бірге ән айту,әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>**Балалар аспаптарында ойнау**<br>Металлофонда бір пластинада біркелкі соғу.<br>Сылдырмақпен қайырма ырғағын беру.<br>**Ойын: «Қай аспап?»**<br>Әртүрлі аспапта (домбыра, фортепиано) қысқа дыбыс орындалады. Балалар қай аспап екенін табады. Музыканы есте сақтауға дағдыландыру. | (5–6 рет).<br>Оңға-солға бұрылу (6 рет).<br>Аяқ ұшына көтерілу, аяқты алға қою (6–8 рет).<br>Терең тыныс алу жаттығулары (мұрынмен дем алып, ауызбен шығару – 3–4 рет).<br>**Негізгі қимылдар**<br>Бірқалыпты жүгіру (30–40 секунд).<br>Алаңның бір жағынан екінші жағына тура бағытта жүгіру.<br>Белгі бойынша тоқтап жүгіру.<br>Допты екі қолмен кеуде тұсынан 1,5 м қашықтыққа лақтыру<br>**Қимылды ойын**<br>«Белгіге дейін жүгір». Белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіріп бару. Белгі берілгенде тоқтау немесе кері қайту. Ойын барысында ережені сақтау үйретіледі.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар** | бастапқы қалыпқа келу (6–8 рет).<br>Аяқ ұшына көтерілу (6 рет).<br>**Негізгі қимылдар**<br>Шеңбер бойымен бірқалыпты жүгіру (30–40 секунд).<br>10–15 метрге жылдам жүгіру (2–3 рет).<br>Бағытты өзгертіп жүгіру.<br>Допты төменнен екі қолмен көлденең нысанаға лақтыру (4–5).<br>**Қимылды ойын**<br>«Қуып жет». Балалар белгі бойынша бірін-бірі қуып жетуге тырысады. Ойын барысында жылдамдықты арттыруға, бағытты өзгертуге, ережені сақтауға үйретіледі.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар**<br>Тісті таңертең және кешке тазалау қажеттілігі түсіндіріледі. Тісті дұрыс тазалау реттілігі көрсетіледі: тіс | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>**Ойын 1: «Әсем ана»**<br>Ә дыбысы бар сөздерді айту: әже, әдемі, мейірімді әже.<br>**Ойын 2:«Үлгілі ұл»**<br>Ү, Ұ дыбыстары бар сөздерді дұрыс айту: үлгілі, үкі, ұл, ұқыпты.<br>**Сөздік қор**<br>**Ойын 1: «Анама арнау»**<br>Ана туралы тақпақ жаттау.<br>**Ойын 2: «Жаңылтпаш айт»**<br>«Анама алақаныммен алғыс айтам» (анық айтуға жаттықтыру).<br>**Грамматикалық құрылым**<br>**Ойын 1: «Қандай ана?»**<br>Зат есім + сын есім: мейірімді ана, әдемі ана.<br>**Ойын 2: «Ана не істейді?»**<br>Зат есім + етістік: ана пісіреді, ана еркелетеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Өзіне-өзі қызмет**<br>Қасықты дұрыс ұстау. Тамақты төкпей ішу, ұқыптылық сақтау дағдылары қалыптастырылады.<br>**Салауатты өмір салты**<br>Қозғалыстың денсаулыққа оң әсері түсіндіріледі. Күнделікті қимыл-қозғалыс жасау қажеттілігі айтылады.<br>**Сауықтыру**<br>Серуен кезінде қозғалыс ойындары ұйымдастырылады. Таза ауада еркін жүгіру, секіру, қимылды жаттығулар орындау. Тыныс алу жаттығуларын жасау | | Тамақ алдында қол жуу реттілігін үйрету: қолды сулау, сабындау, алақан мен саусақ арасын ысқылау, шаю, сүлгімен құрғату. Тазалық сақтаудың маңызы түсіндіріледі.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету**<br>Киімді дұрыс шешу. Киімді орындыққа немесе арнайы сөреге жинап қою. Аяққиімді ретімен орналастыру.<br>**Салауатты өмір салты**<br>Жүгірудің жүрек пен өкпеге пайдалы екені түсіндіріледі. Қимыл-қозғалыстың денені шынықтыратыны және денсаулықты нығайтатыны айтылады.<br>**Сауықтыру-шынықтыру**<br>Таза ауада серуендеу (10–15 минут). Сыртта қимылды ойындар ұйымдастыру. Табиғатты бақылау. Тыныс алу жаттығуларын орындау | щеткасына паста жағу, жоғары-төмен қимылмен тазалау, ауызды шаю.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету**<br>Тарақты дұрыс қолдану. Шашты ұқыпты тарау, тарақты өз орнына қою дағдылары қалыптастырылады.<br>**Салауатты өмір салты**<br>Таза ауаның денсаулыққа пайдасы туралы әңгіме жүргізіледі. Таза ауада ойнау мен серуендеудің маңызы түсіндіріледі.<br>**Сауықтыру**<br>Тыныс алу жаттығулары: мұрынмен терең дем алып, ауызбен баяу шығару (3–4 рет). Қолды жоғары көтеріп дем алу, төмен түсіріп дем шығару. Сергіту сәтін ұйымдастыру. | **Байланыстырып сөйлеу**<br>**Ойын 1: «Менің анам» әңгімелеу**<br>2–3 сөйлеммен анасы туралы айту.<br>**Ойын 2: «Сурет бойынша әңгіме»**<br>Ана мен бала бейнесі бойынша сұрақтарға жауап беру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Ана – мейірім»<br>**Апталық дәйек сөз:** *«Ана – өмірдің шуағы»*<br>Коммуникативтік дағды<br>**Тіл дамыту**<br>Балаларға «Ана» сөзін баяу, анық айтқызу.<br>«Ана мейірімді», «Ана жақсы» сияқты екі сөзден тұратын қарапайым сөйлемдер құрастыру.<br>Жаңылтпаш айту: *«Анама ақ алма апардым».*<br>**Көркем әдебиет**<br>«Ана» туралы қысқа тақпақты тыңдау.<br>Тақпақ жолдарын суретті мнемокесте арқылы қайталап айту.<br>**Қазақ тілі**<br>Ә, ө, ү дыбыстарын «әдемі», «өнерлі», «үлкен» сөздері арқылы дұрыс айту.<br>Балаларды бір-бірін атымен атауға үйрету. | «Мен анамды жақсы көремін»<br>Коммуникативтік дағды<br>**Тіл дамыту**<br>«Мен анамды жақсы көремін» сөйлемін қайталау.<br>«Анам не істейді?» сұрағына бір сөзбен жауап беру (жуады, құшақтайды).<br>**Көркем әдебиет**<br>Қысқа тақпақты қимылмен бірге айту (құшақтау, алақанды жүрекке қою).<br>**Қазақ тілі**<br>Зат есім мен сын есімді бірге айту: *жақсы ана, әдемі ана.*<br>Қарапайым санамақты тыңдау.<br><br>Танымдық дағды<br>**Математика негіздері**<br>Үлкен және кіші ойыншықтарды салыстыру.<br>Таңертең және кешке суреттерін ажырату. | «Ана – қамқор»<br>Коммуникативтік дағды<br>**Тіл дамыту**<br>«Ана қамқор» сөз тіркесін айту.<br>Балалардың өз ойын 1–2 сөзбен жеткізуіне мүмкіндік беру.<br>**Көркем әдебиет**<br>Ана туралы шағын әңгімеден бір-екі сөйлемді тыңдау және қайталау.<br>**Қазақ тілі**<br>Зат есім мен етістікті бірге айту: *ана күледі, ана құшақтайды.*<br>Танымдық дағды<br>**Математика негіздері**<br>Өзінің оң қолын, сол қолын көрсету.<br>«Оң», «сол» сөздерін қимылмен бекіту. | «Ана еңбегі»<br>Коммуникативтік дағды<br>**Тіл дамыту**<br>Балалармен «Ана не істейді?» тақырыбында әңгімелесу.<br>Тәрбиеші сөйлемді бастап береді: *«Ана... »,* балалар бір сөзбен толықтырады (жуады, тамақ береді, құшақтайды).<br>Сөйлеу қарқынын баяулатып, сөздерді анық айтуға назар аудару.<br>**Көркем әдебиет**<br>Ана еңбегі туралы қысқа тақпақты тыңдау:<br>*«Анам мені бағады, Анам үйді жинайды»*<br>Тақпақ жолдарын суретті тірек арқылы (үй, ана, бала) қайталап айту.<br>**Қазақ тілі**<br>Қ, ұ дыбыстарын «қуаныш», «құттықтаймын», «ұқыпты» сөздері арқылы дұрыс айту. | «Анаға сыйлық»<br>Коммуникативтік дағды<br>**Тіл дамыту**<br>Балалар «Анаға сыйлық» сөз тіркесін қайталап айтады.<br>Тәрбиешімен бірге «Анама сыйлық» деп қуанышты көңіл күймен айту.<br>**Көркем әдебиет**<br>Апта бойы үйренген ана туралы тақпақтарды қайталау.<br>Балалар таныс жолдарын бірге айтуға қатысады.<br>**Қазақ тілі**<br>«Жақсы ана», «әдемі ана» сөз тіркестерін қайталау.<br>Балаларды бір-бірін атымен атап, қысқа жауап беруге ынталандыру.<br>Танымдық дағды<br>**Математика негіздері**<br>Апта бойы қолданылған гүл, жүрек пішіндерін қайта қарап, «біреу», «көп» сөздерін айту.<br>Дөңгелек пішінді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Танымдық дағды **Математика негіздері** Екі гүлді салыстырып, «артық», «кем» сөздерін айту. Гүлдің ортасын дөңгелек пішін ретінде танып, қолмен ұстап көру | | | Балалардың бір-біріне қарап есімін атап сөйлеуіне жағдай жасау. Танымдық дағды **Математика негіздері** Күндіз және түнде бейнеленген суреттерді көрсету. Балалар «күндіз», «түнде» сөздерін қайталап айтып, суреттерді сәйкестендіреді. | танып көрсету. |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | **Наурыз айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Әлеуметтік дағды<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Ана баланы қалай жақсы көретіні туралы әңгімелеу.<br>Үй жануарларының төлдері суреттерін қарап, «анасы – баласы» деп атау.<br>Сурет салу<br>Балалар тұтас қағаз парағына саусақпен **қызыл, сары түстерді** пайдаланып | Әлеуметтік дағды<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Қазақстанда мекендейтін жабайы жануарларды сурет арқылы таныстыру (аю, қоян).<br>Анасы мен баласын бірге көрсету.<br>Сурет салу<br>Балалар тұтас қағаз бетіне алдын ала салынған бет бейнесінің ішін **қызғылт, ақ** | Әлеуметтік дағды<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Табиғат бұрышындағы гүлді бақылау, су құюды көру.<br>Сурет салу<br>Балалар тұтас қағаз парағына **қызыл түсті** пайдаланып жүрек пішінін саусақпен бояйды.<br>Жүректі қағаздың ортасына орналастырады. | Әлеуметтік дағды<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Анаға көмектесу туралы әңгіме жүргізу.<br>«Анаға қалай көмектесеміз?» деген сұраққа балалардың қарапайым жауаптарын тыңдау (ойыншық жинау, көмектесу).<br>Сурет салу<br>Балалар тұтас қағаз бетіне **сары, көк түстермен** шеңбер | Әлеуметтік дағды<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>8 наурыз мерекесі туралы айту.<br>Аналарды құттықтау, «ана» сөзін құрметпен айту.<br><br>Сурет салу<br>Балалар тұтас қағаз бетіне **өз бетінше ойдан** сурет салады (гүл, жүрек, сызықтар).<br>Қызыл, сары, жасыл түстерді таңдап, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | гүл салады.<br>Гүлдің ортасын қағаздың ортасына орналастырып, айналасына күлтелерін басу арқылы бейнелейді.<br>Сурет салу кезінде бояуды төкпей қолдануға, қолды сулықпен сүртуге үйренеді.<br>Жапсыру<br>Дайын дөңгелек және жапырақ пішіндерін қағаз бетіне жапсырады.<br>Гүлдің айналасына **қазақ оюының қарапайым элементі – дөңгелек нүктелерді** жапсыры п безендіреді.<br>Мүсіндеу<br>Жұмсақ пластилиннен **домал ақтау арқылы** гүлдің түймесін жасайды.<br>Дайын суреттің үстіне қойып, саусақпен басып бекітеді. | **түстермен** бояйды.<br>Көз, ауыз орнын қағаздың ортасына орналастырып бояу арқылы көрсетеді.<br>Жапсыру<br>Дайын көз, ауыз пішіндерін бетке жапсырады.<br>Бет жиегіне **ирек сызық пішінді** ою элементін жапсырып безендіреді.<br>Мүсіндеу<br>Пластилиннен **домал ақтап** «моншақ» жасайды.<br>Дайын моншақты қағаздағы ана бейнесінің мойнына қояды.<br>Құрастыру<br>Қуыршаққа арналған «ана орны» (орындық, үстел) құрастырады.<br>Қуыршақты отырғызып, еркін ойнайды. | Жапсыру<br>Жыртылған қызыл қағаз бөліктерін жүрек пішінінің ішіне жапсырады.<br>Жүректің жиегіне **дөңгелек элементтерді** жапсыр ып сәндейді.<br>Мүсіндеу<br>Пластилиннен кішкентай **домалақ пішіндер** жасап, жүректің үстіне басып орналастырады.<br>Құрастыру<br>Ірі текшелерден жүрекке арналған «қорапша» құрастырады. | сызықтар салып, «білезік» бейнелейді.<br>Шеңбердің айналасына **қазақ оюының қарапайым элементі – ирек сызықты** саусақпен қайталайды.<br>Ұқыпты сурет салуға, бояуды төкпеуге дағдыланады.<br>Жапсыру<br>Дайын дөңгелек пішіндерді қатарлап жапсырып, әшекей жасайды.<br>Мүсіндеу<br>Пластилинді алақанмен басып, **бір үлкен жүзік** жасайды.<br>Ортасына саусақпен шұңқыр түсіреді.<br>Құрастыру<br>Әшекейлерді қоюға арналған қарапайым «қорап» құрастырады. | бейнені қағаздың ортасына орналастырады.<br>Сурет жиегіне **қазақ оюының қарапайым элементін** саусақпен салады.<br>Жапсыру<br>Апта бойы дайындалған пішіндерді бір үлкен қағазға жапсырып, **ұжымдық жұмыс** жасайды.<br>Мүсіндеу<br>Әр бала бір кішкентай домалақ немесе жалпақ пішін жасап, ортақ «сыйлыққа» қосады.<br>Құрастыру<br>Барлық құрылыстарды біріктіріп, «Ана мерекесі» бұрышын құрастырады.<br>Дайын бұрышпен ойнайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Құрастыру<br>Ірі құрылыс бөлшектерінен гүл қоюға арналған «ыдыс» құрастырады. Құрастырған құрылысымен ойнайды. | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Бағыты:** Тіл дамыту<br>**Жұмыс:** Сурет бойынша 2–3 сөзбен сөйлем құрату.<br>**Нәтиже:** Қарапайым сөйлем құрайды.<br>Айсұлтан<br>Сафие | **Бағыты:** Дыбыс айту<br>**Жұмыс:** «Р», «Л» дыбыстарын буында қайталау.<br>**Нәтиже:** Дыбысты анық айтуға жаттығады.<br>Хадиша | **Бағыты:** Ұсақ моторика<br>**Жұмыс:** Үлкен моншақты тізу.<br>**Нәтиже:** Саусақ икемділігі дамиды.<br>Медине<br>Сафие | **Бағыты:** Сөйлеу<br>**Жұмыс:** «Қандай?» – үлкен/кіші.<br>**Нәтиже:** Қарапайым сын есім айтады.<br>Алижан<br>Арнұр | **Бағыты:** Қимыл<br>**Жұмыс:** Допты домалату.<br>**Нәтиже:** Қол координациясы дамиды.<br>Ералы<br>Аусар |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | «Күн жылынды»<br>**Шарты:** Балалар аланда жүреді. «Күн шықты!» дегенде қолдарын жоғары созып жылынады, «Суық жел!» дегенде бүрісіп отыра қалады | «Қар ериді»<br>**Шарты:** Балалар «қар» болып тұрады. «Күн қызды!» дегенде жайлап отырып, еріген қарды бейнелейді. | «Тамшы-тамшы»<br>**Шарты:** Балалар секіріп жүреді. «Тамшы!» дегенде тоқтап, бір рет секіреді (тамшы тамғандай). | «Жел соқты»<br>**Шарты:** Балалар ағаш болып тұрады. «Жел» дегенде оңға-солға тербеледі, «Тыныш!» дегенде қозғалмайды. | «Су жүгірді»<br>**Шарты:** Балалар жылға суындай ирелеңдеп жүгіріп, белгіленген жерге жиналады. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер | | | | |

| | |
|---|---|
| | жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут** |

**Тәрбиешілер:** Еспенбет Н.К
**Каримова Г.М**

Келісемін»
Балабақша әдіскері
Н.К. Еспенбет

«Бекітемін»
«Алақай» балабақшасының
меңгерушісі
И.К.Байсултанова

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы:
«Алақай» балабақшасы
«Құлыншақ» орта тобы
Жоспардың құрылу кезеңі:
2-апта. 10.03 – 13.03.2026 жыл

| Күн тәртібі | | Сейсенбі<br>10.03.2026 ж | Сәрсенбі<br>11.03.2026 ж | Бейсенбі<br>12.03.2026ж | Жұма<br>13.03.2026 ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі** | | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br>**Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.<br>Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.<br>Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.<br>Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз. | | | | |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | | Жүргізуші сүт өнімінің суретін немесе үлгісін көрсетеді. Балалар сәйкес атауды тауып, карточканы дұрыс таңдайды. Дұрыс жауап берген бала ұпай алады. Жүргізуші өнім туралы сипаттама айтады (мысалы: «Бұл өнім ашытылған түйе сүтінен жасалады және өте пайдалы»). Балалар оның қандай өнім екенін табады («Шұбат»). **Бір тұтас тәрбие** | **Өсімдікке су керек пе?»**Өсімдіктің өсуіне судың маңызын түсіндіру.Екі кішкентай гүл құмырасы Топырақ Дән (мысалы, бидай немесе үрмебұршақ)СуЕкі құмыраға да топырақ салып, дәнді отырғызу. Бір құмыраны күн сайын суару, екіншісін сусыз қалдыру.Бірнеше күн өткеннен кейін айырмашылықты бақылау.**Экологиялық тәрбие** | «Қазақтың ұлттық киімдерін тану» ойыны Қазақтың ұлттық киімдерін тану, олардың атауы мен ерекшеліктерін үйрену. Балаларға киімдердің суреттері көрсетіледі.Балалар киім атауын суретпен сәйкестендіреді. Киім кию ойыны Балаларға ұлттық киімдерді кигізіп, олардың қай киім екенін атауын сұрауға болады. Балалар өздері киімді тез әрі дұрыс киюге тырысады.**Бір тұтас тәрбие** | Қазақтың ұлттық тағамдарының атаулары мен ерекшеліктерін үйрену. Балалардың танымдық дағдыларын, есте сақтау қабілетін және зейінін дамыту. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топқа ұлттық тағамдардың суреттері мен атаулары беріледі. Қай топ тағамдарды дұрыс сәйкестендірсе немесе сипаттаса, сол жеңімпаз атанады. **Бір тұтас тәрбие** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | | **Музыка**<br>**Музыка тыңдау**<br>Әртүрлі аспапта орындалған қысқа әуен тыңдатылады.<br>Аспап үнін тануға тырысады.<br>Соңына дейін тыңдайды.<br>**Ән айту**<br>Таныс әнді сүйемелдеуге ілесіп айту.<br>Әннің соңын бірге аяқтау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>Қазақ би элементтерін біріктіріп орындау.<br>**Балалар аспаптарында** | **Дене тәрбиесі**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар***<br>Қолды жоғары көтеріп, артына апарып шапалақтау (6–8 рет).<br>Қолды төмен түсіріп, бастапқы қалыпқа келу.<br>Аяқтың ұшына көтерілу (6–8 рет).<br>Қолды жанға созу, бастапқы қалыпқа келу (6 рет).<br>Терең тыныс алу жаттығулары (3–4 рет).<br>**Негізгі қимылдар**<br>20 метрге дейін жылдам жүгіру (2–3 рет).<br>Белгі бойынша тоқтау. | **Дене тәрбиесі**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар***<br>Қолды алға созу (6–8 рет).<br>Қолды жанға созу (6 рет).<br>Қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру (6–8 рет).<br>Саусақ жаттығулары: саусақтарды ашу-жұму, кезекпен бүгу (8–10 рет).<br>Аяқ ұшына көтерілу (6 рет).<br>Терең тыныс алу жаттығулары (3–4 рет).<br>**Негізгі қимылдар**<br>50 секунд баяу жүгіру.<br>Бағытты өзгертіп жүгіру.<br>Допты тік нысанаға лақтыру (4–5 рет).<br>Допты қағып алу жаттығулары.<br>**Қимылды ойын** | **Қазақ тілі**<br>«Көктем» тақырыбы<br>**Тілдік дамытушы орта**<br>Ойын 1: «Көктемді сипатта» Балалар шеңберге тұрады.<br>Тәрбиеші бір балаға доп береді.<br>Бала қасындағы досына толық атымен сұрақ қояды: «Досыңды ата»<br>Тәрбиеші: «Көктемде кім гүл жинады?» деп сұрайды.<br>Бала жауап береді: Осылайша балалар бір-бірінің есімін толық әрі дұрыс айтуға жаттығады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **ойнау**<br>Дабылмен ырғақты қайталау.<br>**Ойын: «Ырғақты қайтала»**<br>Ересек адам екі рет соғады.<br>Балалар дәл сол ырғақты қайталайды.<br>Біркелкі соғуды дамыту. | Допты оң қолмен 2 метр қашықтыққа лақтыру (4–5 рет).<br>Допты қағып алу жаттығулары.<br>**Қимылды ойын**<br>«Тез орын ауыстыр».<br>Белгі бойынша балалар орындарын жылдам ауыстырады.<br>Жылдамдыққа, зейінге және тәртіп сақтауға үйретіледі.<br>**Гигиена**<br>Қолды жуған соң таза сүлгімен немесе бірреттік майлықпен мұқият құрғату. Қолды құрғақ ұстаудың маңызы түсіндіріледі.<br>**Өзіне-өзі қызмет**<br>Киімді дұрыс кию реттілігі үйретіледі.<br>Түймені тағу, сыдырманы салу, киімді ұқыпты кию дағдылары қалыптастырылады.<br>**Салауатты өмір салты**<br>Су ішудің ағзаға пайдасы түсіндіріледі.<br>Судың денсаулықты нығайтуға, сергектік | «Қасқыр мен қоян».<br>Балалар белгі бойынша қашып, ұстатпауға тырысады. Ойын барысында жылдамдыққа, ептілікке және зейінге үйретіледі.<br>**Гигиена**<br>Майлықты дұрыс қолдану үйретіледі.<br>Тамақтан кейін ауызды және қолды майлықпен сүрту дағдылары қалыптастырылады.<br>**Өзіне-өзі қызмет**<br>Шанышқыны дұрыс қолдану. Тамақты ұқыпты жеу, қауіпсіздік ережесін сақтау дағдылары бекітіледі.<br>**Салауатты өмір салты**<br>Демалыс пен ұйқының маңызы түсіндіріледі.<br>Уақытында ұйықтау мен тынығудың денсаулыққа пайдасы айтылады.<br>**Сауықтыру**<br>Тыныс алу жаттығулары: мұрынмен терең дем алып, ауызбен баяу шығару (3–4 рет). Қолды көтеріп дем алу, түсіріп дем шығару. Сергіту жаттығуларын орындау. | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Ойын 1: «Өрік, өзен»<br>Тәрбиеші Ө дыбысы бар сөздерді айтады: *Өзен, өрік, көктем, көбелек.*<br>Балалар сөздерді қайталап айтады.<br>Сосын сөйлем құрайды:<br>*«Көктемде өзен тасиды.»*<br>**Қосымша:** Ө дыбысын созып айту жаттығулары.<br>Ойын 2: «Қар кетті»<br>Тәрбиеші:<br>«Қар не істеді?»<br>Балалар:<br>«Қар еріді.»<br>Қ дыбысын анық, қатты айтуға мән беріледі.<br>**Сөздік қор** Ойын 1: «Көктем санамағы»<br>**Санамақ үлгісі:**<br>*Бір – бүршік атты,*<br>*Екі – егін шықты,*<br>*Үш – үміт артты,*<br>*Төрт – төлдер жүгірді.*<br>Балалар жатқа айтып үйренеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | сақтауға көмектесетіні айтылады.<br>**Сауықтыру**<br>Ауада серуен ұйымдастырылады. Таза ауада еркін қозғалу, жеңіл жүгіру, қимылды ойындар өткізу. Тыныс алу жаттығуларын орындау. | | Ойын 2: «Тақпақты жалғастыр»<br>*Көктем келді шуақты,*<br>Балалар жалғастырады:<br>*Күн жылынды шуақты.*<br>Балалар гүл, жаңбыр, бұлт, найзағай сөздерін қолданады.<br>**Грамматикалық құрылым**<br>Ойын 1: «Қандай гүл?»<br>Балалар:<br>қызыл қызғалдақ<br>әдемі гүл<br>жасыл шөп<br>Тәрбиеші сөйлем құратқызады:<br>*«Әдемі гүл өсті.»*<br>Ойын 2: «Не істеді?»<br>Балалар айтады:<br>Күн жылынды.<br>Қар еріді.<br>Құстар ұшты.<br>2–3 сөзден сөйлем құрастырады.<br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>Ойын 1: «Көктем келді»<br>Балалар 3–4 сөйлеммен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | әңгімелейді:<br>*«Көктем келді. Күн жылынды. Қар еріді. Гүлдер өсті.»*<br>**Ойын 2: «Сурет бойынша әңгіме»Қай мезгіл?<br>Көктемде не өзгереді?<br>Құстар қайда ұшады?** |
| | | **Апталық дәйек сөз:**<br>*«Көктем – жаңару мезгілі»*<br>«Көктемгі күн»<br>Коммуникативтік дағды<br>**Тіл дамыту**<br>Балаларға «көктем», «күн» сөздерін баяу, анық айтқызу.<br>«Күн жылы» деген екі сөзден тұратын сөйлемді қайталау.<br>Жаңылтпаш айту: *«Күн күліп тұр».*<br>**Көркем әдебиет**<br>Көктем туралы қысқа тақпақты тыңдау:<br>*«Көктем келді, су ақты, Күннің көзі шуақты!»*<br>Тақпақ жолдарын күн, жер бейнеленген суреттер арқылы | «Көктемгі гүлдер»<br>Коммуникативтік дағды<br>**Тіл дамыту**<br>«Гүл өсті» сөз тіркесін айту.<br>Гүл атауын бір сөзбен айтуға ынталандыру.<br>**Көркем әдебиет**<br>Гүл туралы қысқа тақпақты тыңдау:<br>*«Гүл шықты, Әдемі»*<br>Тақпақты сурет тірек арқылы қайталау.<br>**Қазақ тілі**<br>Зат есім мен сын есімді байланыстырып айту: *әдемі гүл.*<br>Ү дыбысын «гүл» сөзінде дұрыс айту.<br><br>Танымдық дағды<br>**Математика негіздері**<br>Үлкен және кіші | «Көктемде жануарлар төлдейді.»<br>Коммуникативтік дағды<br>**Тіл дамыту**<br>«Малдың төлі бар» сөз тіркесін айту.<br>Үй жануарларының төлдерін атау (сиыр – бұзау, қой – қозы).<br>**Көркем әдебиет**<br>Жануарлар туралы қысқа тақпақты тыңдау:<br>*«Қозы бар, Бұзау бар»*<br>**Қазақ тілі**<br>Ұ, қ дыбыстарын «қозы», «құс», «ұя» сөздері арқылы айту.<br><br>Танымдық дағды<br>**Математика негіздері**<br>Бір төл және көп төлді салыстыру.<br>Оң және сол бағыттарын қимылмен көрсету. | «Көктемгі адам еңбегі»<br>Коммуникативтік дағды<br>**Тіл дамыту**<br>Балалармен «Көктемде адамдар не істейді?» тақырыбында әңгімелесу.<br>Тәрбиеші сөйлемді бастап айтады: *«Адамдар көктемде...»*, балалар бір сөзбен жалғастырады (егеді, тазалайды, су құяды).<br>Сөздерді баяу, анық айтуға жаттықтыру.<br>**Көркем әдебиет**<br>Көктемгі еңбек туралы қысқа тақпақты тыңдау:<br>*«Ата жерді жыртады, Апа гүлді суарады»*<br>Тақпақ жолдарын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қайталау.<br>**Қазақ тілі**<br>Қазақ тіліне тән ә, ө дыбыстарын «әдемі күн», «көктем» сөздері арқылы айту.<br>Балалардың бір-бірін атымен атап сөйлеуіне жағдай жасау.<br><br>Танымдық дағды<br>**Математика негіздері**<br>Екі күн суретін салыстырып, «біреу», «көп» сөздерін айту.<br>Күннің дөңгелек пішін екенін қолмен ұстап, көзбен көру арқылы тану. | түлдерді салыстыру. | | суретті тірек арқылы қайталау.<br>**Қазақ тілі**<br>Зат есім мен етістікті байланыстырып айту: *адам жұмыс істейді, апа суарады.*<br>Қазақ тіліне тән қ, ұ дыбыстарын «қазды», «ұқыпты» сөздері арқылы дұрыс айту.<br><br>Танымдық дағды<br>**Математика негіздері**<br>Екі еңбек құралының суретін салыстыру (күрек, тырма).<br>«Біреу», «көп» сөздерін айту.<br>Таңертең және кешке еңбек етуді суреттер арқылы ажырату. |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моторикаты дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | **Наурыз айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті**). | | | | |

| | |
|---|---|
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | | Әлеуметтік дағды<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Көктемде күн жылып, қардың еритіні туралы әңгімелеу.<br><br>Шығармашылық дағды<br>**Сурет салу**<br>Тұтас қағаз бетіне саусақпен сары түсті пайдаланып күн салу, бейнені ортасына орналастыру.<br>**Жапсыру**<br>Дайын күн және сәуле пішіндерін жапсыру.<br>**Мүсіндеу**<br>Пластилиннен домалақтау арқылы күн жасау.<br>**Құрастыру**<br>Ірі құрылыс бөлшектерінен «күн алаңы» құрастыру. | Әлеуметтік дағды<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Көктемде гүлдердің өсетіні, гүлді жұлмау керектігі туралы айту.<br><br>Шығармашылық дағды<br>**Сурет салу**<br>Тұтас қағаз бетіне саусақпен қызыл, сары түстерді пайдаланып гүл салу.<br>**Жапсыру**<br>Дайын гүл ортасы мен жапырақтарын жапсыру, ирек сызық пішінді ою элементін қолдану.<br>**Мүсіндеу**<br>Пластилиннен домалақтау арқылы гүл түймесін жасау.<br>**Құрастыру**<br>Құрылыс бөлшектерінен «гүл өсетін орын» құрастыру. | Әлеуметтік дағды<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Көктемде үй жануарлары төлдейтіні, жабайы жануарлардың оянатыны туралы айту.<br><br>Шығармашылық дағды<br>**Сурет салу**<br>Тұтас қағаз бетіне саусақпен қозы немесе бұзаудың қарапайым бейнесін салу.<br>**Жапсыру**<br>Дайын жануар пішіндерін жапсыру.<br>**Мүсіндеу**<br>Пластилиннен бір домалақ жасап, төлдің денесін бейнелеу.<br>**Құрастыру**<br>Құрылыс бөлшектерінен «қора» немесе «ін» құрастыру. | Әлеуметтік дағды<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Көктемде адамдар жер қазып, ағаш отырғызып, аула тазалайтыны туралы айту.<br>Еңбекке құрметпен қарауға, үлкендердің еңбегін бағалауға баулу.<br><br>Шығармашылық дағды<br>**Сурет салу**<br>Балалар тұтас қағаз бетіне саусақпен **жасыл, қоңыр түстерді** пайдаланып, «Адам жер қазып жатыр» немесе «Апа гүл суарып жатыр» тақырыбында қарапайым сурет салады.<br>Бейнені қағаздың ортасына орналастырып, ұқыпты бояуға дағдыланады.<br>**Жапсыру**<br>Дайын адам, ағаш, күрек пішіндерін қағаз бетіне жапсырып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | «Көктемгі еңбек» көрінісін жасайды.<br>**Мүсіндеу**<br>Пластилиннен домалақтау арқылы «гүл түбі» немесе «жер түйірі» жасап, саусақпен басып орналастырады.<br>**Құрастыру**<br>Ірі құрылыс бөлшектерінен «аула» немесе «бақша» құрастырып, дайын құрылыспен еркін ойнайды. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | **Бағыты:** Есте сақтау<br>**Жұмыс:** 2 ойыншықты есте сақтап айту.<br>**Нәтиже:** 2 затты есінде сақтайды. | **Бағыты:** Дыбысқа еліктеу<br>**Жұмыс:** Жануар дыбыстарын қайталау.<br>**Нәтиже:** Дыбысты анық айтады. | **Бағыты:** Пішін<br>**Жұмыс:** Дөңгелек пен шаршыны көрсету.<br>**Нәтиже:** 2 пішінді таниды. | **Бағыты:** Сөйлеу мәдениеті<br>**Жұмыс:** «Сәлеметсіз бе?», «Рахмет» айту.<br>**Нәтиже:** Сыпайы сөз қолданады. |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моторикаы дамыту**).<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | «Көктемгі еңбек» көрінісін жасайды. **Мүсіндеу** Пластилиннен домалақтау арқылы «гүл түбі» немесе «жер түйірі» жасап, саусақпен басып орналастырады. **Құрастыру** Ірі құрылыс бөлшектерінен «аула» немесе «бақша» құрастырып, дайын құрылыспен еркін ойнайды. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | **Бағыты:** Есте сақтау **Жұмыс:** 2 ойыншықты есте сақтап айту. **Нәтиже:** 2 затты есінде сақтайды. Нұмарал Сабина | **Бағыты:** Дыбысқа еліктеу **Жұмыс:** Жануар дыбыстарын қайталау. **Нәтиже:** Дыбысты анық айтады. Айлин Аусар | **Бағыты:** Пішін **Жұмыс:** Дөңгелек пен шаршыны көрсету. **Нәтиже:** 2 пішінді таниды. Айша Қаршайбаева | **Бағыты:** Сөйлеу мәдениеті **Жұмыс:** «Сәлеметсіз бе?», «Рахмет» айту. **Нәтиже:** Сыпайы сөз қолданады. Медина |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | | «Көктемгі лай»<br>**Шарты:** Жерге шеңберлер (лай) қойылады. Балалар секіріп өтіп, лайға баспай жүруі керек. | «Бұлт пен күн»<br>**Шарты:** «Күн» дегенде еркін жүгіреді, «Бұлт» дегенде бір жерге жиналып тұра қалады. | «Құстар оралды»<br>**Шарты:** Балалар құс болып қолдарын қағып жүгіреді. «Ұяға!» дегенде шеңберге жиналады. | «Мұз сынды»<br>**Шарты:** Балалар тік тұрады (мұз). «Сынды!» дегенде алаңға жайылып жүреді. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут** | | | | |

**Тәрбиешілер:** **Еспенбет Н.К**
**Каримова Г.М**

Келісемін»
Балабақша әдіскері
Н.К. Еспенбет

«Бекітемін»
«Алақай» балабақшасының
меңгерушісі
Н.К.Байсултанова

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы:**
**«Алақай» балабақшасы**
**«Құлыншақ» орта тобы**
**Жоспардың құрылу кезеңі:**
**3-апта. 16.03 – 20.03.2026 жыл**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 16.03.2026 ж | Сейсенбі 17.03.2026 ж | Сәрсенбі 18.03.2026 ж | Бейсенбі 19.03.2026ж | Жұма 20.03.2026 ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br>**Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру**<br>Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.<br>Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.<br>Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.<br>Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | Балаларға түрлі суреттер көрсетіледі (гүл, құс, ағаш, бала, күн).Олардан «Бұл не?», «Қандай?» немесе «Не істеп тұр?» деп сұралады.Балалар өз сөздерімен жауап береді.**Мысал сұрақтар:**«Күн қандай?» – «Жарық, сары».«Ағаштың жапырақтары қандай?» – «Жасыл, үлкен». **Қазақ тілі** | Тәрбиеші жануарлардың суреттерін көрсетеді немесе атын атайды.Балалар сол жануардың дыбысын салады. **Мысал:**Ит – «һау-һау!» Мысық – «Мияу-мияу!»Қой – «Ме-ме!»Үйрек – «Қақ-қақ!» **Қазақ тілі** | Өлеңді мәнерлеп айтуға, есте сақтау қабілетін дамыту. Тәрбиеші өлеңнің бірінші жолын айтады, балалар жалғастырады. Көктем күні шуақты, Көктем күні қуатты. Көктем күні шуақты, Сай - салад су ақты. (Қимылмен көрсетуге болады: күнді, судың ағуын бейнелеу.)**Көркем әдебиет** | Сюжеттік-рөлдік ойын Балалар дәрігер, медбике, науқас рөлдеріне бөлінеді. Науқас емханаға келіп, шағымын айтады. Дәрігер тексереді (қимылмен), кеңес береді. Медбике «ем» жасайды. Рөлдер ауыстырылады. | Сюжеттік-рөлдік ойын Балалар сатушы және сатып алушы болып бөлінеді. Сатушы тауарларды (ойыншық, нан, жеміс макеттері) орналастырады. Сатып алушы амандасып, қажет затын сұрайды, «ақша» төлейді. Сатушы алғыс айтып, тауарын береді. Рөлдер ауыстырылады. **Құрал-жабдық:** Ойыншық тағамдар, сөре, ойыншық ақша, себет. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аудартуорындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Қолды басынан жоғары көтеріп, артына апарып шапалақтау (6–8 рет).<br>Саусақтарды қозғалту, ашу-жұму (8–10 рет).<br>Оңға-солға бұрылу (6 рет).<br>Аяқтың ұшына көтерілу (6–8 рет).<br>Аяқты артқа қою, бастапқы қалыпқа келу (6–8 рет).<br>Терең тыныс алу жаттығулары (3–4 рет).<br>**Негізгі қимылдар**<br>«Жыланша» жүгіру (кедергілер арасымен ирелеңдеп жүгіру).<br>Допты еденге соғып, қайта қағып алу (4–5 рет). | **Музыка**<br>**Музыка тыңдау**<br>Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға,оларды есте сақтауға және білуге,шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.<br>**Ән айту**<br>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету.<br>Жылдам ән – сергек айту.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау,шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.<br>**Балалар аспаптарында ойнау**<br>Дабылмен баяу және жылдам соғу. | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Балалар сапта тұрып, қолдарын алдына созып, басынан жоғары көтеріп, артына апарып шапалақтайды. Қолды жан-жаққа созып, алақандарын жоғары қаратады. Қол саусақтарын жылдам ашып-жұму арқылы ұсақ моторика дамытылады. Оңға-солға бұрылу омыртқа икемділігін арттырады. Аяқтың ұшына көтерілу және аяқты алға қою арқылы тепе-теңдік сақтауға үйретіледі.<br>**Негізгі қимылдар**<br>Балалар тура бағытта 15–20 метрге жылдам жүгіреді. Белгі бойынша тоқтап, қайта жүгіру арқылы зейін | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Қолды алға және жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату (6–8 рет).<br>Қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру (6–8 рет).<br>Саусақпен ұсақ заттарды теру арқылы ұсақ моториканы дамыту.<br>Саусақтарды ашу-жұму, кезекпен бүгу (8–10 рет).<br>Аяқты жан-жаққа қою, бастапқы қалыпқа келу (6–8 рет).<br>Аяқты артқа қою арқылы аяқ бұлшықеттерін дамыту (6–8 рет).<br>Аяқ ұшына көтерілу (6 рет).<br>**Негізгі қимылдар**<br>Шеңбер бойымен бірқалыпты жүгіру.<br>50–60 секунд баяу қарқынмен тоқтамай жүгіру.<br>Бағытты өзгертіп жүгіру.<br>Допты кеуде тұсынан тік | **Қазақ тілі**<br>**Тілдік дамытушы орта**<br>Ойын 1: «Досыңды шақыр»<br>Балалар шеңберге тұрады.<br>Тәрбиеші бір балаға орамал береді.<br>Бала қасындағы досын толық аты-жөнімен шақырады:<br>«Аружан Нұрланқызы, төрге шық!»<br>Осылайша балалар бір-бірінің есімін толық әрі дұрыс айтуға жаттығады.<br>Ойын 2: «Сәлемдесу әдебі»<br>Тәрбиеші: «Қонақ келді, кім қарсы алады?»<br>Бала:<br>«Мен қарсы аламын. Сәлеметсіз бе, Айдос Ермекұлы!»<br>Балалар сәлемдесу сөздерін қолданып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Допты заттардың арасымен домалату. Бағытты өзгертіп жүгіру.<br>**Қимылды ойын** «Допты жеткіз». Балалар допты белгіленген орынға дейін домалатып апарады. Ептілікке, жылдамдыққа және ережені сақтауға үйретіледі.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар**<br>Сабынды дұрыс қолдану дағдысы бекітіледі: қолды сулау, сабындау, алақан мен саусақ арасын мұқият ысқылау, шаю және құрғату.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету**<br>Киіміндегі олқылықтарды байқау және түзету (түймені салу, жағасын түзету). Ұқыптылық дағдылары қалыптастырылады. | Металлофонда ырғақты қайталау.<br>**Ойын: «Тез – баяу»**<br>Музыка баяу болса – жай жүру.<br>Музыка жылдам болса – жылдам қадам.<br>Музыка тоқтаса – қатып қалу.<br>Музыка сипатына сәйкес әрекет ету. | дамытылады. Допты оң және сол қолмен 2–3 метр қашықтыққа лақтырады.<br>**Қимылды ойын** «Кім жылдам?». Белгіленген жерге дейін жүгіріп барып, кері қайтады. Ойын барысында балалар бір-біріне кедергі жасамауды үйренеді.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар**<br>Жуынғаннан кейін қолды, бетті құрғатып сүрту дағдысы бекітіледі.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету**<br>Киімінің түймесін салу және шешу дағдылары жаттықтырылады.<br>**Салауатты өмір салты**<br>Жүгіру кезінде дұрыс тыныс алу керектігі түсіндіріледі.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**<br>Таза ауада қимылды ойын ұйымдастырылады. | нысанаға (1–1,5 м) лақтыру (4–5 рет). Допты қағып алу жаттығулары.<br>**Қимылды ойын** «Белгі бойынша тоқта». Балалар еркін жүгіреді, белгі берілгенде бірден тоқтайды. Зейін, жылдам әрекет ету және ережені сақтау дағдылары қалыптастырылады.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану кезінде ас қасық пен майлықты дұрыс қолдану үйретіледі. Тамақты төкпей ішу, ауызды майлықпен сүрту дағдылары бекітіледі.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету**<br>Тамақтанғаннан кейін ыдысты орнына қою. Ұқыптылық пен жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**Салауатты өмір салты**<br>Дұрыс тамақтанудың денсаулыққа пайдасы түсіндіріледі. Пайдалы тағамдарды тұтыну, дәрумендердің ағзаға | құрметпен сөйлеуге үйренеді.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Ойын 1: «Ұлттық ұғымдар»<br>Тәрбиеші Ұ дыбысы бар сөздерді айтады: Ұлттық, ұрпақ, ұлыс, ұлағат.<br>Балалар сөздерді қайталап айтады.<br>Сөйлем құрайды: «Наурыз – ұлыс мерекесі.»<br>Ұ дыбысын анық айтуға мән беріледі.<br>Ойын 2: «Қонақ келді»<br>Тәрбиеші: «Қонақ не істеді?»<br>Балалар: «Қонақ келді.» «Қонақ бата берді.»<br>Қ дыбысын анық, дұрыс айту жаттықтырылады<br>**Сөздік қор**<br>Ойын 1: «Дәстүрді ата»<br>Балалар ұлттық дәстүр атауларын айтады: Тұсаукесер, бесікке салу, шашу, бата.<br>Жаңа сөздердің мағынасы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Салауатты өмір салты**<br>Аурудың алдын алу туралы әңгіме жүргізіледі.<br>Тазалық сақтау, дұрыс тамақтану, қимыл-қозғалыс және уақытылы демалудың маңызы түсіндіріледі.<br>**Сауықтыру**<br>Серуен кезінде қимылды жаттығулар ұйымдастырылады.<br>Таза ауада еркін жүгіру, секіру, қозғалыс ойындарын ойнау.<br>Тыныс алу жаттығуларын орындау. | | | қажеттілігі туралы әңгіме жүргізіледі.<br>**Сауықтыру шаралары**<br>Тыныс алу жаттығулары: мұрынмен терең дем алып, ауызбен баяу шығару (3–4 рет).<br>Қолды көтеріп дем алу, түсіріп дем шығару.<br>Баяу жүру арқылы тынысты қалпына келтіру. | түсіндіріледі.<br>Ойын 2: *«Жаңылтпаш айт»*<br>Үлгі:<br>*Ұлыс күні ұлан-асыр, Ұлттық ойын ойналсын.*<br>Балалар анық, тез айтуға жаттығады.<br>**Грамматикалық құрылым**<br>Ойын 1: «Қандай дәстүр?»<br>Балалар сөз тіркестерін құрайды: ұлттық дәстүр жақсы дәстүр үлкен мереке<br>Сөйлем құрайды: «Наурыз – үлкен мереке.»<br>Ойын 2: «Не істеді?»<br>Балалар айтады:<br>Қонақ келді.<br>Әже бата берді.<br>Балалар ән айтты.<br>2–3 сөзден сөйлем құрастырады.<br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>Ойын 1: «Наурыз мерекесі»<br>Балалар 3–4 сөйлеммен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | әңгімелейді:<br>«Наурыз келді.<br>Адамдар бір-бірін құттықтады.<br>Дастархан жайылды.<br>Бата берілді.»<br>Ойын 2: «Сұрақ-жауап»<br>Қандай мерекені білесің?<br>Наурызда не жасайды?<br>Қонаққа не береді?<br>Балалар толық сөйлеммен жауап береді. |
| | **Апталық дәйек сөз:**<br>*«Наурыз – береке мен бірліктің мерекесі»*<br>«Наурыз – жаңа жыл»<br>Коммуникативтік дағды<br>**Тіл дамыту**<br>Балаларға «Наурыз», «мереке», «жаңа жыл» сөздерін баяу, анық айтқызу.<br>«Наурыз келді» деген екі сөзден тұратын сөйлемді бірге қайталау.<br>Жаңылтпаш | «Наурыз көже»<br>Коммуникативтік дағды<br>**Тіл дамыту**<br>«Көже бар», «дәмді көже» сөз тіркестерін айту.<br>Сұраққа бір сөзбен жауап беру: *дәмді, жылы.*<br>**Көркем әдебиет**<br>Қысқа өлең тыңдау:<br>*«Көже іштік,<br>Көңілдіміз,<br>Береке боп өміріміз»*<br>Балалар таныс сөздерді бірге қайталайды.<br>**Қазақ тілі**<br>Зат есім мен сын | «Тұсау кесу»<br>Коммуникативтік дағды<br>**Тіл дамыту**<br>«Бала жүрді», «бала өсті» сөз тіркестерін айту.<br>Баланың алғаш қадам басатыны туралы қарапайым әңгімелеу.<br>Бала жүрді, қадам басты,<br>Алға қарай жол ашты.<br>Жолы болсын, бақ қонсын,<br>Өмірі ұзақ, нұр шашты.<br>**Көркем әдебиет**<br>Қысқа өлең тыңдау:<br>*«Бала жүрсін,* | «Ұлттық киімдер»<br>Коммуникативтік дағды<br>**Тіл дамыту**<br>«Киім әдемі», «тақия бар» сөз тіркестерін айту.<br>Киім атауларын бір сөзбен атау.<br>**Көркем әдебиет**<br>Ұлттық киім туралы қысқа тақпақты тыңдау.<br>Әдемі көйлек киемін,<br>Тақиям бар басымда.<br>Ұлттық киім жарасады,<br>Мерекеде, қасымда.<br>**Қазақ тілі**<br>Ү, ә дыбыстарын «үлкен», «әдемі», «көйлек» сөздері арқылы айту. | «Наурыз мерекесі»<br>Коммуникативтік дағды<br>**Тіл дамыту**<br>«Наурыз құтты болсын» сөз тіркесін айту.<br>Балалардың қуанышты көңіл күйін сөзбен білдіруі.<br>**Көркем әдебиет**<br>Апта бойы тыңдаған тақпақтарды қайталау.<br>Наурыз, Наурыз – тойымыз,<br>Берекелі ойымыз.<br>Құтты болсын мереке,<br>Шаттыққа толы ойынымыз.<br>**Қазақ тілі** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айту: *«Наурызда нан бар».*<br>**Көркем әдебиет**<br>Наурыз туралы қыска тақпақты тыңдау:<br>*«Наурыз келді,*<br>*Жыл келді,*<br>*Қуанышпен күн келді»*<br>Тақпақ жолдарын суретті тірек арқылы қайталау, таныс сөздерді бірге айту.<br>**Қазақ тілі**<br>Қ, ұ дыбыстарын «құтты», «Наурыз», «ұлыс» сөздері арқылы дұрыс айту.<br>Балалардың бір-бірін есімін атап, карапайым жауап беруіне жағдай жасау. | есімді байланыстырып айту: *дәмді коже.*<br>Ө дыбысын «көже», «дөңгелек» сөздерінде дұрыс айту.<br>Танымдық дағды<br>**Математика негіздері**<br>Үлкен және кіші тостағандарды салыстыру, «үлкен–кіші» сөздерін айту. | *Жолы ашық болсын»*<br>**Қазақ тілі**<br>Ә дыбысын «әже», «бала», «әдемі» сөздерінде айту.<br><br>Танымдық дағды<br>**Математика негіздері**<br>Алға және артка бір-екі қадам жасау арқылы бағытты сезіну. | Танымдық дағды<br>**Математика негіздері**<br>Киімдерді түсіне карай салыстыру. | «Жаксы мереке», «үлкен той» сөз тіркестерін айту.<br><br>Танымдық дағды<br>**Математика негіздері**<br>Бауырсақтарды санау: біреу – көп.<br>Дөңгелек пішінді кайталау. |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық карым-катынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моторика751ны дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | **Наурыз айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. | | | | |

| | |
|---|---|
| | (дербес қимыл әрекеті). |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру.<br>Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Танымдық дағды<br>**Математика негіздері**<br>Мерекелік заттарды салыстыру: бір табақ – көп табақ.<br>Дөңгелек пішінді (бауырсақ, табақ) қолмен ұстап, көзбен көру арқылы тану.<br>Әлеуметтік дағды<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Наурыздың көктемде тойланатынын, адамдар бір-біріне жақсы тілек айтатынын түсіндіру.<br><br>Шығармашылық дағды<br>**Сурет салу**<br>Тұтас қағаз бетіне сары түспен дөңгелек бауырсақтарды саусақпен салу, бейнені ортасына орналастыру.<br>**Жапсыру**<br>Дайын дөңгелек | Әлеуметтік дағды<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Наурыз көженің ұлттық тағам екені, қонақтарға берілетіні туралы айту.<br><br>Шығармашылық дағды<br>**Сурет салу**<br>Қоңыр, сары түстермен тостағандағы көжені саусақпен салу.<br>**Жапсыру**<br>Дайын тостаған мен дән пішіндерін жапсыру.<br>**Мүсіндеу**<br>Пластилиннен домалақ дәндер жасап, тостағанға салу.<br>**Құрастыру**<br>Құрылыс бөлшектерінен «ас үй» бұрышын құрастыру. | Әлеуметтік дағды<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Тұсау кесу – баланың жолы ашық болсын деген ниетпен жасалатын дәстүр екенін айту.<br><br>Шығармашылық дағды<br>**Сурет салу**<br>Қағаз бетіне сызықтар арқылы «жол» салу.<br>**Жапсыру**<br>Дайын аяқ іздерін жол бойына жапсыру.<br>**Мүсіндеу**<br>Пластилиннен ұзынша жіп жасап, тұсау бейнелеу.<br>**Құрастыру**<br>Текшелерден «жол» құрастырып, қуыршақты жүргізу. | Әлеуметтік дағды<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Ұлттық киімді мерекеде, тойда киетінін айту.<br><br>Шығармашылық дағды<br>**Сурет салу**<br>Ұлттық көйлекті тұтас қағаз бетіне саусақпен бояу.<br>**Жапсыру**<br>Дайын көйлек пішінін жапсырып, қарапайым ою элементтерімен безендіру.<br>**Мүсіндеу**<br>Пластилиннен домалақ түйме жасау.<br>**Құрастыру**<br>Қуыршаққа арналған «киім ілетін орын» құрастыру. | Әлеуметтік дағды<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Наурызда адамдар қонақ күтіп, бір-біріне жақсы тілек айтатынын айту.<br><br>Шығармашылық дағды<br>**Сурет салу**<br>Балалар тұтас қағаз бетіне өз бетінше Наурыз мерекесін бейнелейді.<br>**Жапсыру**<br>Апта бойы жасаған пішіндерден ұжымдық «Наурыз» панносын жасау.<br>**Мүсіндеу**<br>Әр бала бір домалақ пішін жасап, ортақ дастарханға қосады.<br>**Құрастыру**<br>Барлық құрылыстарды біріктіріп, «Наурыз ауылы» құрастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | пішіндерді жапсырып, «Наурыз дастарханы» жасау.<br>**Мүсіндеу**<br>Пластилиннен домалақтау арқылы бауырсақ жасау.<br>**Құрастыру**<br>Ірі текшелерден «дастархан» құрастырып, ойыншықтарды орналастыру. | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Бағыты:** Қимыл<br>**Жұмыс:** Бір сызық бойымен жүру.<br>**Нәтиже:** Тепе-теңдік сақтайды. | **Бағыты:** Тіл дамыту<br>**Жұмыс:** «Не істеп жатыр?» – жүгіріп жүр, отыр.<br>**Нәтиже:** 1–2 етістік қолданады. | **Бағыты:** Салыстыру<br>**Жұмыс:** Үлкен-кіші затты табу.<br>**Нәтиже:** Айырмашылықты көреді. | **Бағыты:** Құрастыру<br>**Жұмыс:** 2–3 текшеден мұнара жасау.<br>**Нәтиже:** Құрастырады. | **Бағыты:** Тыңдау<br>**Жұмыс:** Қысқа нұсқауды орындау («Допты бер»).<br>**Нәтиже:** Нұсқауды түсінеді. |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | «Жылғалар»<br>**Шарты:** Жерге сызықтар сызылады. Балалар сызық бойымен тепе-теңдік сақтап жүреді. | «Жылы-суық»<br>**Шарты:** «Жылы» дегенде жүгіреді, «Суық» дегенде бүрісіп тоқтайды. | «Қарды жина»<br>**Шарты:** Ақ доптар (қар) шашылады. Балалар тез жинап, белгіленген орынға апарады. | «Көктемгі жел»<br>**Шарты:** Балалар жеңіл жүгіріп жүреді. Белгі бойынша бағыттарын өзгертеді. | «Тамшыдан көлшікке»<br>**Шарты:** Бір-бірден секіріп келіп, шеңбер ішінде жиналады (көлшік). |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта | | | | |

| | |
|---|---|
| | киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін калыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы карсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут** |

**Тәрбиешілер:** Еспенбет Н.К
Каримова Г.М

Келісемін»
Балабақша әдіскері
Н.К. Еспенбет

«Бекітемін»
«Алақай» балабақшасының
меңгерушісі
И.К.Байсұлтанова

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:**
**«Алақай» балабақшасы**
**«Құлыншақ» орта тобы**
**Жоспардың құрылу кезеңі:**
**4-апта. 26.03 – 27.03.2026 жыл**

| Күн тәртібі | | | | Бейсенбі 26.03.2026ж | Жұма 27.03.2026 ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br>**Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру**<br>Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.<br>Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.<br>Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз. | | | | |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | | | | **Топ ішінде:**Ойыншық үшін таласпау.Жүгіріп соқтығыспау.Бір-бірін итермеу.Заттарды лақтырмау. **Топ алаңында:**Кезекпен ойнау.Тербелгіште, сырғанақта тәртіп сақтау.Құлап қалған балаға көмектесу. **Қауіпсіздік ережелері** | Қатармен, асықпай жүру.Тұтқадан ұстау.Бір-бірін итермеу.Жүгірмеу, секірмеу.<br>Баспалдақпен түсіп-шыққанда, топта, топ алаңында бір-бірін итермеу жөнінде әңгімелеу.**Қауіпсіздік ережелері** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту.<br>Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері | | | | |

| | Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Кестеге сәйкес ҰІӘ | | | | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Қолды алға және артқа айналдыра сермеу (6–8 рет).<br>Қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру (6 рет).<br>Саусақ жаттығулары: саусақтарды ашу-жұму, кезекпен бүгу (8–10 рет).<br>Аяқты артқа қою, бастапқы қалыпқа келу (6–8 рет).<br>Аяқ ұшына көтерілу (6 рет).<br>Терең тыныс алу жаттығулары (3–4 рет).<br>**Негізгі қимылдар**<br>Қарқынды өзгертіп жүгіру (жылдам-баяу, 40–60 секунд).<br>Белгі бойынша тоқтау және қайта жүгіру.<br>Допты тік нысанаға (1,2 м биіктік) лақтыру (4–5 рет).<br>Допты қағып алу жаттығулары.<br>**Қимылды ойын**<br>«Қасқыр мен қоян».<br>Балалар бағыттарын | **Қазақ тілі**<br>«Ертегі» тақырыбы<br>**Тілдік дамытушы орта**<br>«<br><br>«Бұл – Алдар көсе.»<br>Балалар бір-бірінің есімін толық атап, дұрыс сөйлеуге жаттығады.<br>Ойын 2: «Досыңнан сұра»<br>Тәрбиеші: «Ертегіде кім батыр?»<br>Бала жауап береді: «Ертегіде батыр бар.»<br>«Айбек Нұржанұлы, сен қай ертегіні білесің?»<br>Осылайша балалар өзара диалог құрады.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Ойын 1: «Әже ертегі айтты»<br>Тәрбиеші Ә дыбысы бар сөздерді айтады:<br>Әже, әңгіме, әдемі, әділ.<br>Балалар сөздерді қайталап айтады.<br>Сөйлем құрайды:<br>«Әже ертегі айтты.»<br>Ә дыбысын анық айтуға мән беріледі.<br>Ойын 2: «Ку қоян»<br>Тәрбиеші: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ауыстырып, жылдам қимылдап қашады. Жылдамдық, ептілік және ережені сақтау дағдылары дамиды.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар**<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдылары бекітіледі. Қасықты дұрыс ұстау, тамақты төкпей ішу, майлық қолдану ережелері қайталанады.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету**<br>Қол орамалды дұрыс пайдалану. Қолды, ауызды ұқыпты сүрту және орамалды өз орнына қою дағдылары қалыптастырылады.<br>**Салауатты өмір салты**<br>Ұйқының маңызы туралы түсіндіріледі. Уақытында ұйықтаудың және жеткілікті демалудың денсаулыққа пайдасы айтылады.<br>**Сауықтыру**<br>Тыныс алу жаттығулары: мұрынмен терең дем алып, ауызбен баяу шығару (3–4 рет). | «Қоян не істеді?»<br>Балалар:<br>«Қоян жүгірді.»<br>«Қоян қорықты.»<br>Қ дыбысын анық, дұрыс айту жаттықтырылады.<br>**Сөздік қор**<br>Ойын 1: «Кейіпкерлерді ата»<br>Балалар ертегі кейіпкерлерін атайды:<br>Батыр, хан, ханша, қасқыр, түлкі.<br>Жаңа сөздердің мағынасы түсіндіріледі.<br>Ойын 2: «Жаңылтпаш айт»<br>Үлгі:<br>*Қу қоян қалың қамыста,*<br>*Қорқып қалды алыста.*<br>Балалар анық, тез айтуға жаттығады.<br>**Грамматикалық құрылым**<br>Ойын 1: «Қандай кейіпкер?»<br>Балалар сөз тіркестерін құрайды:<br>батыл батыр<br>қу түлкі<br>мейірімді әже<br>Сөйлем құрайды:<br>«Батыл батыр жауды жеңді.»<br>Ойын 2: «Не істеді?»<br>Балалар айтады: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Қолды көтеріп дем алу, түсіріп дем шығару.<br>Баяу жүру арқылы тынысты қалпына келтіру. | Батыр күресті.<br>Түлкі алдады.<br>Қасқыр ұлыды.<br>2–3 сөзден сөйлем құрастырады.<br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>Ойын 1: «Ертегіні жалғастыр»<br>Тәрбиеші бастайды: «Баяғыда бір батыр болыпты...»<br>Балалар 3–4 сөйлеммен жалғастырады. |
| | | | | **Апталық дәйек сөз:**<br>*«Ертегі – тәрбие бастауы»*<br>«Бауырсақ» ертегісі<br>Коммуникативтік дағды<br>**Тіл дамыту**<br>Балаларға «Бауырсақ» сөзін баяу, анық айтқызу.<br>«Бауырсақ домалады» сөз тіркесін қайталау.<br>Кейіпкердің дауысын сәл өзгертіп айту (бауырсақ – жіңішке, ата – жай).<br>**Көркем әдебиет**<br>«Бауырсақ» ертегісін қысқартылған түрде тыңдау.<br>Ең қызықты жерін бірге қайталау: *«Мен бауырсақпын!»* | «Мақта қыз бен мысық» ертегісі<br>Коммуникативтік дағды<br>**Тіл дамыту**<br>«Мысық», «қыз» сөздерін анық айту.<br>«Мысық сүт ішті» сөз тіркесін қайталау.<br>Кейіпкерлердің дауысын ажыратып айту (мысық – мияу).<br>**Көркем әдебиет**<br>«Мақта қыз бен мысық» ертегісін қысқаша тыңдау.<br>Таныс сөздерді бірге қайталау: *мысық, сүт, қыз.*<br>**Қазақ тілі**<br>М, қ дыбыстарын «мысық», «мақта» сөздері арқылы айту.<br>Зат есім + етістік: *мысық ішті.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Суретті тірек арқылы кейіпкерлерді тану.<br>**Қазақ тілі**<br>Қ, ө дыбыстарын «қоян», «бөдене емес – бауырсақ» сөздері арқылы айту.<br>Сұраққа бір сөзбен жауап беру: *кім? не?* | Танымдық дағды<br>**Математика негіздері**<br>Бір мысық – көп мысық суреттерін салыстыру.<br>Таңертең және кешке ұғымдарын мысықтың әрекеті арқылы айту. |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | **Наурыз айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | | | | Танымдық дағды<br>**Математика негіздері**<br>Бір бауырсақ және көп бауырсақты салыстыру. Бауырсақтың дөңгелек пішін екенін көрсету.<br><br>Әлеуметтік дағды<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Ертегі кейіпкерлерінің жануар екенін айту (қоян, аю, түлкі). Жақсы және жаман әрекеттер туралы қысқаша түсіндіру. | Әлеуметтік дағды<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Үй жануары – мысық туралы әңгімелеу.<br>Үй жануарларына қамқор болу керектігін түсіндіру.<br><br>Шығармашылық дағды<br>**Сурет салу**<br>Тұтас қағаз бетіне саусақпен мысықтың қарапайым бейнесін салу.<br>**Жапсыру**<br>Дайын мысық және тостаған пішіндерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Шығармашылық дағды<br>**Сурет салу**<br>Тұтас қағаз бетіне сары түспен саусақ арқылы дөңгелек бауырсақ салу.<br>**Жапсыру**<br>Дайын дөңгелек пішінді жапсырып, «Бауырсақ» бейнесін жасау.<br>**Мүсіндеу**<br>Пластилиннен домалақтау арқылы бауырсақ мүсіндеу.<br>**Құрастыру**<br>Ірі текшелерден «жол» құрастырып, бауырсақты домалату. | жапсыру.<br>**Мүсіндеу**<br>Пластилиннен домалақ жасап, мысықтың басын бейнелеу.<br>**Құрастыру**<br>Құрылыс бөлшектерінен «мысықтың үйі» құрастыру. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | | | Қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап береді<br>**Бағыты:** Суретпен жұмыс<br>**Жұмыс:** Бір суретті сипаттау (1 сөз).<br>**Нәтиже:** Қысқа жауап береді.<br>Арнұр | Пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын игерген<br>**Бағыты:** Қорытынды<br>**Жұмыс:** Түсті, пішінді көрсету.<br>**Нәтиже:** Қарапайым білімін бекітеді.<br>Мансұр |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дамыту**).<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | | | | «Торғайлар»<br>**Шарты:** Балалар кішкентай құс болып секіреді. «Қауіп!» дегенде шеңберге жиналады. | «Наурыз келді»<br>**Шарты:** Балалар шеңбер жасап, жүреді. Белгі бойынша көктем белгілерін (күн, жел, жаңбыр) қимылмен көрсетеді. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут** | | | | |

**Тәрбиешілер:** **Каримова Г.М**
**Еспенбет Н.К**